



**«Шетелдегі қазақтар: автохтондар және диаспора»
Халықаралық ғылыми-практикалық
конференциясының
МАТЕРИАЛДАР ЖИНАҒЫ
22 қыркүйек 2022 ж.**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
Международной научно-практической конференции
«Казакхи за рубежом: автохтоны и диаспора»
22 сентября 2022 г.**

**COLLECTION OF MATERIALS
International scientific and practical conference
«Kazakhs abroad: Autochthons and Diaspora»
September 22, 2022**



**«Кәсіби тарихшылар және қоғамтанушылар лигасы» қоғамдық бірлестігі
Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім Министрлігінің
Мемлекет тарихы институтының қатысуымен**

**Общественное объединение
«Лига профессиональных историков и обществоведов»
с участием Института истории государства
Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан**

**Public Association
«The League of Professional Historians and Social Scientists»
with the participation of the Institute of History of the State of the
Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan**

**«Шетелдегі қазақтар: автохтондар және диаспора»
Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының
МАТЕРИАЛДАР ЖИНАҒЫ
22 қыркүйек 2022 ж.**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
Международной научно-практической конференции
«Казахи за рубежом: автохтоны и диаспора»
22 сентября 2022 г.**

**COLLECTION OF MATERIALS
International scientific and practical conference
«Kazakhs abroad: Autochthons and Diaspora»
September 22, 2022**

Астана, 2022

УДК 94:325.1 (574)
ББК 66.3
Ш50

**«Кәсіби тарихшылар және қоғамтанушылар лигасы» қоғамдық бірлестігі
Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім Министрлігінің
Мемлекет тарихы институтының қатысуымен**

**Общественное объединение
«Лига профессиональных историков и обществоведов»
с участием Института истории государства
Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан**

ҚР ҒЖБМ Мемлекет тарихы институтының директоры, тарих ғылымдарының докторы, профессор Е.А. Әбілдің жалпы редакциясымен.

Под общей редакцией директора Института истории государства МНВО РК, доктора исторических наук, профессора Е.А. Әбіл.

Редакциялық алқа:

т.ғ.д., профессор Е.А. Әбіл

т.ғ.д., профессор Б.Ф. Аяған

с.ғ.д., қауымдастырылған профессор (доцент) М.Ш. Қалиева

т.ғ.к., қауымдастырылған профессор (доцент) Т.М. Аминов

п.ғ.к., қауымдастырылған профессор (доцент) С.Ж. Дүйсен

т.ғ.к., қауымдастырылған профессор (доцент) Қ.А. Еңсенев

т.ғ.к. Қ.М. Ерімбетова

Шетелдегі қазақтар: автохтондар және диаспора. Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның материалдар жинағы. / Жалпы ред.: Е.А. Әбіл. – Астана, 2022. – 181 б. - Қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде.

Казахи за рубежом: автохтоны и диаспора. Сборник материалов Международной научно-практической конференции. / Под общ. ред.: Е.А. Әбіл. – Астана, 2022. – 181 с. - На казахском, русском, английском языках.

Kazakhs abroad: autochthons and Diaspora. Collection of materials of the International scientific and practical conference. / Under general ed.: E.A. Abil. – Astana, 2022. – 181 p. - In Kazakh, Russian, English.



Жинаққа 2022 жылы 22 қыркүйекте Астана қаласында өткен «Шетелдегі қазақтар: автохтондар және диаспора» Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары топтастырылған. Мақалалар автордың редакциясымен жарияланды. Жинақ ғалымдардың, қоғам қайраткерлерінің, сарапшылардың, оқытушылардың, PhD докторанттардың, магистранттар мен студенттердің кең ауқымына арналған. Баяндамалар автордың редакциясымен жарияланды.

В Сборник вошли материалы Международной научно-практической конференции «Казахи за рубежом: автохтоны и диаспора», прошедшей 22 сентября 2022 года в г. Астана. Статьи опубликованы под авторской редакцией. Сборник рассчитан на широкий круг ученых, общественных деятелей, экспертов, преподавателей, докторантов PhD, магистрантов и студентов. Статьи опубликованы под авторской редакцией.

The Collection includes materials of the International scientific and practical conference «Kazakhs abroad: autochthons and Diaspora», held on September 22, 2022 in Astana. The articles are published under the author's editorship. The collection is intended for a wide range of scientists, public figures, experts, teachers, PhD students, undergraduates and students. Articles were published under the author's edition.

УДК 94:325.1 (574)
ББК 66.3

ISBN 978-601-08-2740-0

© «Кәсіби тарихшылар және қоғамтанушылар лигасы» ҚБ, 2022
© ҚР ҒЖБМ Мемлекет тарихы институты, 2022



МАЗМҰНЫ
СОДЕРЖАНИЕ

ПЛЕНАРНОЕ ЗАСЕДАНИЕ

Әбіл Е.А. ПРОБЛЕМА ФОРМИРОВАНИЯ РУССКО-КАЗАХСКОЙ ГРАНИЦЫ: ТЕОРЕТИЧЕСКИЙ АСПЕКТ.....	6
Курманов З.К. КЫРГЫЗСКИЕ КАЗАХИ: АВТОХТОНЫ ИЛИ ДИАСПОРА?.....	14
Курманов З.К., Аяган Б.Ғ. ПРООБРАЗОМ АЙТМАТОВСКОЙ ДЖАМИЛИ И ДАНИЯРА МОГЛИ БЫТЬ РЕАЛЬНЫЕ ЛЮДИ.....	23
Meryem Hakim EASTERN TURKESTANESE KAZAKS FLIGHT TO FREEDOM.....	29
Черниенко Д.А. ИСТОРИОГРАФИЧЕСКИЙ ОПЫТ ИЗУЧЕНИЯ КАЗАХОВ РОССИИ.....	32
Джумашев А.М. РОЛЬ КАЗАХОВ В СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКОЙ ЖИЗНИ КАРАКАЛПАКСТАНА: ИСТОРИЯ И СОВРЕМЕННОСТЬ.....	41

СЕКЦИЯ 1.

Шетелдегі қазақтардың шығу тегі тарихын зерттеудің өзекті мәселелері /
Актуальные вопросы исследования истории происхождения казахов
за рубежом: автохтоны и диаспора

Қарасаев Ғ.М. ҚАЗАҚТАРДЫҢ ШАРУАШЫЛЫҚ, ӘЛЕУМЕТТІК ЖАҒДАЙЫ ХІХ ҒАСЫР МЕРЗІМІНДЕГІ РЕСЕЙ ЗЕРТТЕУШІЛЕРІ ШЫҒАРМАЛАРЫНДА, РЕСМИ ЖАЗБАЛАР МӘЛІМЕТТЕРІНДЕ (Қазақстанның шығысы, Алтай аймағы деректерінен).....	45
Қарасаев Ғ.М. БАТЫС СІБІР, АЛТАЙ ӨЛКЕСІН ИГЕРУДІҢ XX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ ЖЕКЕЛЕГЕН ТАРИХЫ РЕСЕЙЛІК РЕСМИ ДЕРЕКТЕРДЕ.....	53
Сүлейманова М.Н. АКТУАЛЬНЫЕ ВОПРОСЫ ИСТОРИИ ИЗУЧЕНИЯ КАЗАХОВ ОРЕНБУРЖЬЯ.....	56
Сүлейменова Ә.Т. ҚР ПРЕЗИДЕНТІ АРХИВІНДЕГІ ЖЕКЕ ТЕКТІК ҚОРЛАР ШЕТЕЛДЕГІ ҚАЗАҚ ДИАСПОРАСЫНЫҢ ТАРИХЫН ЗЕРДЕЛЕУДІҢ ДЕРЕККӨЗІ РЕТІНДЕ.....	63
Арапбаева Д.К. ҚАЗАҚ ОТБАСЫНЫҢ ЭТНОПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІН ЗЕРТТЕУДІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ (ӨЗБЕКСТАНДАҒЫ ҚАЗАҚ ОТБАСЫЛАРЫ МЫСАЛЫНДА).....	68
Еримбетова К.М. КАЗАХИ ТУРКМЕНИСТАНА: ИСТОРИЯ И ФОРМИРОВАНИЯ КАЗАХСКОЙ ДИАСПОРЫ.....	73

Происхождение и развитие. – Алматы: Ғылым, 1997. – 264 с.; Ее же. Казахская диаспора: история и современность. – Алматы: Всемирная Ассоциация казахов, 2006. – 343 с.; Мендикулова Г. М., Атантаева Б. Ж. История миграций между Казахстаном и Китаем в 1860–1960-е гг. – Алматы: «СаҒА», 2008. – 232 с.; Теоретико-методологическе предпосылки исследования казахской диаспоры и ирреденты. //Қазақ диаспорасы: бүгiнi мен ертеңi – Казахская диаспора: настоящее и будущее. – Астана: Елорда, 2005. – 352 б. 171–217-б.

5. Оралтай Х. Елiм-айлап өткен өмiр. – Алматы: Бiлiм, 2005. – 632 б. +32 б. сурет. Үшiншi басылым.

6. Дүниежүзi қазақтарының қауымдастығы: 15 жыл. – Алматы: Дүниежүзi қазақтарының қауымдастығы, 2007 жыл – 336 б.

7 Қыдырханұлы У. Өз елiм – өзегiм. Эссе, толғау, естелiк, деректi әңгiмелер. – Алматы: Дүниежүзi қазақтарының қауымдастығы «Атажұрт» баспа орталығы, 2012. – 264 б.

8. turkystan.kz. Қаралған уақыты 5 маусым 2022 ж.

9. www.akorda.kz. 27.08 2018 ж. қаралды.

ҚАЗАҚ ОТБАСЫНЫҢ ЭТНОПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІН ЗЕРТТЕУДІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ (ӨЗБЕКСТАНДАҒЫ ҚАЗАҚ ОТБАСЫЛАРЫ МЫСАЛЫНДА)

Арапбаева Д.К.

Әлішер Науаи атындағы Ташкент мемлекеттік өзбек тілі және әдебиеті университеті доценті, психология ғылымдарының кандидаты, Өзбекстан, Ташкент қ.

Қазіргі таңда қазақ отбасының этнопсихологиялық ерекшеліктерін зерттеу өзекті мәселе саналады. Өйткені зерттеу нәтижелері жастарды отбасылық өмірге дайындауға, сондай-ақ жанұя-неке тұрақтылығын қамтамасыз ету мүмкіндіктерін арттыруға қызмет етеді. Осы көзқарас тұрғысынан Өзбекстанда жасайтын қазақ отбасыларының этнопсихологиялық ерекшеліктерін үйрену маңызды. Өйткені қазіргі заман жанұясы өзінде ұлттық мәдениетті, әдет-ғұрыптар мен салт-дәстүрлерді жинақтаған. Әсіресе, қазақ отбасылары да өзінде тарихи пайда болған этникалық сипаттарды қалыптастырып, бұл жанұя-неке мәселелерінде, отбасындағы тұлғааралық қатынастарда, перзенттердің тәрбиесінде, жастарды отбасылық өмірге дайындауда өз көрінісін табуда. Ұлттық ерекшеліктер отбасы-неке қарым-қатынастарына байланысты қоғамдық пікірді, адамдардағы мінез-құлықтар

мен дағдыларды қалыптастырады және отбасылық қарым-қатынастарды реттеуде орасан маңызды орынды иелейді.

Филофосия ғылымдарының кандидаты, профессор Маматов Муминхон Маматович өзінің зерттеу еңбектерінде түрлі ұлт өкілдері туралы тоқталып өтіп, өзбек және қазақ халықтарының өзіндік отбасылық әдет-ғұрпы, салт-дәстүрлері, рәсімдері арасындағы айырмашылықтарды мысалдармен түсіндірген [1]. Мысалы, қазақ халықтарындағы “қыз алып қашу” дәстүрінің пайда болуы жөнінде автор былай дейді: “Қыз алып қашу” дәстүрі топтық некенің жойылуы және экзогамды неке құру кезеңінде пайда болған, деп саналады. Топтық некеде рудағы барлық әйелдер осы топтағы барлық ерлерге тиесілі болған. Басқа топтан бөтен еркектің араласуына қатаң түрде тыйым салынған әрі жазаланған.

Экзогамды некеге өтумен рудағы әйелдерге басқа топтағы ерлер иелік ете бастайды. Әйелдің тобына кіретін ерлер бұл құқықтан айырылуда. Әрине, мұндай психологиялық жағдай – стереотиптің бұзылуы оңайлықпен болмайды. Егер бұл стереотип бірнеше ғасырлар барысында қалыптасқан және қолданылып келсе, оның бұзылуы үшін де белгілі бір уақыт қажет болады. Сондықтан әйелдің тобындағы ру ерлері құда жақпен келісімді түрде оларға қызды алып қашу үшін мүмкіндік берген. Белгілі бір уақыттан кейін “сезіп қалғаннан соң”, өз құқықтарын қорғау үшін “қарсыластарын” қуу, сол жолмен өз құқықтарын қорғау амалдарын жасаған. Кейіннен бұл жағдай әдет-ғұрыпқа айналған” [1].

Өзбекстанда жасайтын қазақ отбасыларының этнопсихологиясы бойынша алғашқы зерттеулердің бірі – қазақ отбасыларының әлеуметтік-психологиялық ерекшеліктерін зерттеуге арналған Т.Б.Нарымбетовтың еңбегі болған.

Нарымбетов Тұрғұн Бұхаровичтың “Өзбекстанда жасайтын қазақ отбасыларының әлеуметтік-психологиялық ерекшеліктері” (2008) атты кандидаттық диссертациялық жұмысында алғаш рет дербес зерттеу нысаны ретінде қазақ отбасыларының жанұялық қарым-қатынастардағы әлеуметтік-психологиялық сипаттары, этникалық стереотиптер мен мәдениетаралық ерекшеліктер, сұхбат, рөлдердің үлесі, некеден көңілі толу, ер мен әйел қарым-қатынастары, тағы басқа да отбасылық қарым-қатынастар зерттелген [2.4].

Зерттеудің нысаны ретінде Өзбекстан Республикасының Ташкент және Науаи облыстарында өмір сүретін қазақ отбасылары “дәстүрлі” және “аралас” мәдениеттерге бөлінген күйде зерделенген.

Т.Б.Нарымбетов жүргізген зерттеулерде некеге дейінгі факторларының этнопсихологиялық ерекшеліктеріне тоқталып, “дәстүрлі” мәдениет жағдайында қабылданған дәстүрлерге сәйкес некеден өтіп жатқан жастар этникалық стереотиптерді және мәдениетаралық ерекшеліктерді құрметтейді, олар заманалық дәстүрлерді пайдаланып, аумақтық және

ұлттық рәсімдерге, құндылықтарға, әдет-ғұрыптар мен салт-дәстүрлерге құрметпен қарайды. “Аралас” мәдениет жағдайында қазақ отбасылары түпкі халық және басқа ұлт өкілдерімен біргелікте өздерінің кейбір мәдениеттерін басқа ұлттың мәдениетін құрметтей отырып бейімделуі анықталған [2.10].

Автордың пікірінше, “аралас” мәдениет жағдайында қазақ отбасылары өздерінің тарихи мәдениетін көпшілікті құрайтын ұлт, тағы басқа ұлт мәдениетінің есебінен байытқанға ұқсап көрінеді, бірақ бұл сыртқы тұрғыдан сондай тәрізді, негізінде өзінің тарихи мәдениетінің барлық талаптарын толық орындайды және қазақ халқының дәстүрлеріне, әдет-ғұрыптары мен салттарына қатаң мойынсұнады. Мұнда тарихи мәдениеттің сақталуында этникалық стереотиптердің орны үлкен саналады. Зерттеудің нәтижелері халықтық дәстүр болған “қызды алып қашу” екі тараптың келісімі негізінде жүзеге асыралатынын көрсетеді. Бұл дәстүр екі мәдениетте де қазіргі күнде өз маңызын жоғалтпаған [2.10].

Т.Б.Нарымбетовтың эмпирикалық зерттеулерінде жанұялық қатынастарға әсер ететін факторлардың бірі бұл жанұядағы келіспеушіліктер мен ажырасу себептері үйреніледі. Зерттеуші қазақ отбасыларындағы келіспеушіліктерді үйрену үшін отбасылардағы келіспеушілік қатысушыларының пікірін яғни жанұя мүшелерінің ер мен әйел араздарына деген көзқарасын ескереді. Алынған нәтижелерде, келіспеушіліктің психологиялық себептері “дәстүрлі” және “аралас” мәдениеттер жағдайларында бір-бірінен ерекшеленетіні байқалады. Зерттеуші ер мен әйелдің түсініспеушіліктерінің 27 себепін үйренген. Онда “дәстүрлі” мәдениет жағдайларында келіспеушіліктер анық себептермен шектелсе, “аралас” мәдениет жағдайларында келіспеушіліктердің диапазоны мен себептері екі есе көп екендігі анықталған [2.13]. Зерттеу нәтижесінде “дәстүрлі” мәдениет жағдайында бірінші кезектегі келіспеушілік себебі бұл “болар-болмасқа” көрсеткіші болып, ол ерлерде – 40%-ды, әйелдерде – 35%-ды құраған [2.13]. Екінші себеп ерлерде “Отбасы бюджетін бұрыс жүргізу” 15% болса, әйелдерде “Өз сөзінде тұрып алуы” 25%-ды құраған [2.13]. “Аралас” мәдениет жағдайындағы ерлер үшін бірінші кезектегі түсініспеушілік себебі бұл “болар-болмасқа” көрсеткіші болып, ол – 25%-ды құраған [2.13]. Әйелдерде негізгі себептер ретінде “Болар-болмасқа”, “Балалар тәрбиесі”, “Өз сөзінде тұрып алуы, менмендігі” “Мақсат, көсқарастар, қызығушылықтардың сәйкес келмеуі”, “Ішкілікке салыну” сияқты себептер 25%-бен көрсетілгендігі анықталған [2.13].

Зерттеушінің пікірінше, отбасындағы ер мен әйел арасындағы некеге көңілі толу өмірлік жолдасының ата-анасы және жақын туыстарға байланысты болып, көптеген түсініспеушілік жағдайлары осыған байланысты туындайды. Осындай негізде қазақ отбасыларында пайда болатын келіспеушіліктер ерекшеленеді. Бұл негізінен отбасындағы келіспеушілік конструктивті сипатқа ие болса және ер-әйел тарапынан жойылса, қазақ отбасыларындағы

келіспеушіліктер деструктивті сипатқа ие болып, көп жағдайда ер мен әйел арасымен шектелместен, отбасының басқа мүшелерін де жұмылдырады [2.13].

Т.Б.Нарымбетовтың зерттеулерінде Өзбекстанда жасайтын қазақ отбасыларының әлеуметтік-психологиялық және этнопсихологиялық ерекшеліктері үйреніліп, алынған нәтижелер қазақ отбасыларының тұрақтылығы, оның ұлттық, аумақтық, этнопсихологиялық сипаттарына белгілі дәрежеде байланысты екенін және бұл оның некеге дейінгі әдет-ғұрыптарда, тату отбасыларда, жанұядағы өзара пікір алысуда анық көрінетінін анықтап, зерттеген.

Арапбаева Дамегул Курбановнаның “Келіндердің отбасына бейімделуінің этнопсихологиялық ерекшеліктері (қазақ отбасылары мысалында)” (2012) деп аталған кандидаттық диссертация жұмысында келіндердің отбасына бейімделуінің этнопсихологиялық ерекшеліктері Өзбекстан Республикасы, Науаи облысында өмір сүретін қазақ отбасылары мысалында зерттеуге арналған, сонымен қатар, онда өзбек отбасындағы келіндер бақылау тобы ретінде алынып, салыстырмалы талдау жасалған. Зерттеуде алғаш рет қазақ отбасыларында жаңа жанұя құрған жас келіншектердің жанұяға бейімделуі этнопсихологиялық тұрғыдан зерттелген. Қазақ жанұясының келіндерінің жаңа отбасына бейімделу үдерісіне бұл этностың өзіне тән салт-дәстүрлері, құндылықтары, дәстүрлері, этнопсихологиялық ерекшеліктері сияқты факторлар әсер ететіні анықталған [3.11]. Келіндердің отбасына бейімделуінде отбасылық өмірге дайындық деңгейі, тұлғааралық қатынастарға, жаңа әлеуметтік рөлдерге кірісе алу қабілеттерінің маңызы дәлелдеп берілген [3.12]. Алынған зерттеулер нәтижесінде жаңа тұрмыс құрған отбасында үстемдік пен бәсекеге ұмтылмау, сондай-ақ тартысты жағдайлардан қашуға бейімділік бар екені анықталған. Келіндердің отбасына бейімделу дәрежесінің артуы мен өзін адекватты бағалауы, айналадағы адамдарды қабылдау және олармен қарама-қайшылыққа бармастан норманы сақтауға ұмтылуы тіркелген [3.12].

Келіндердің жаңа отбасына бейімделуінде мінез-құлықтың ынтымақтастық стратегиясы маңызды орын иелейді. К.Томастың пікірінше, келіспеушіліктен қашуға ұмтылуда тараптардың ешқайсысы сәттілікке қол жеткізбейді, бәсеке, бейімделу, келісім тәсілдерінде тараптардың бірі жеңіске жетеді, немесе әр екі тарап та ұтқызады, өйткені келісім немесе жан басу стратегиясын қолдайды. Тек ынтымақтастық жағдайында ғана әр екі тарап қарым-қатынастары үйлеседі. Міне осы жағдайда зерттеуде қазақ келіндерінде ынтымақтастық әдісі өзбек келіндеріне қарағанда сенімді деңгейде жоғары екендігі тілге тиек етіледі ($t=2,682$, $p<0,05$) [3.105]. Өзбек келіндерінде мінез-құлық стратегиясының келісім және бейімделу түрлері қазақ келіндерінің көрсеткіштеріне қарағанда сенімді дәрежеде ($p<0,05$) жоғары болуын олардағы бейімделуде көбірек пассивті стратегиялардың

үстемдігімен түсіндіруге әрекет етеді [3.105]. Атап айтқанда, әр екі ұлт келіндерінде де отбасылық қатынастарда ықтияттылықпен ұмтылу, өз мәмілесі мен мінез-құлқын бақылауға ұмтылу, әлеуметтік-рөлдік кездейсоқтыққа жауап ретінде отбасындағы тәртіп-ережелерді меңгеру және оларға бейімделу, үй тірлігін құнттап орындауға ұмтылу байқалған [3.106].

Д.К.Арапбаеваның зерттеу жұмысында алынған эмпирикалық мәліметтерге сүйеніп, төмендегі қорытынды жасалады:

1. Қазақ отбасыларындағы келіндердің жаңа отбасына бейімделу үдерісіне бұл этностағы өзіндік әдет-ғұрыптар, дәстүрлер, құндылықтар, этнопсихологиялық ерекшеліктер әсер етеді.

2. Жаңа отбасына бейімделу үдерісі қазақ отбасындағы келіндерде өзбек отбасыларының келіндеріне қарағанда күрделірек кешетіні және негізінен ұлттық әдет-ғұрыптармен, дәстүрлермен, құндылықтармен байланысты мінез-құлық формаларын меңгерудегі қиыншылықтармен сипатталатыны анықталған.

3. Келіндерде отбасына бейімделу деңгейінің артуымен өзін адекватты бағалау, айналадағы адамдарды қабылдау және олармен қарама-қайшылыққа бармастан норманы сақтауға ұмтылу тіркелген.

4. Келіндерде бейімделу үдерісінің қиын өтетіні өзін-өзі бағалау жүйесінің төмендеуіне, эмоционалды тұрақсыздыққа, алаңдау деңгейінің жоғары болуына, келіспеушіліктерге бейімділіктің күшеюіне алып келеді.

5. Келіндерде ауызбірлікке ұмтылу, тұлғааралық өзара қарым-қатынастарға кірісе алу, айналадағыларды эмоционалды және рационалды түсіне алу, өзін-өзі бақылай алу, жағдайға қарап мінез-құлықтың адекватты типін таңдай білу қабілеттерін дамыту отбасына бейімделудің сәтті өтуін қамтамасыз етеді [4.130-131].

Қорыта айтқанда, Өзбекстанда жасайтын қазақ отбасылары өзіндік бай дәстүрлерге, өзіндік сипатқа ие болып, олардың баршасы ұлттық мәдениетке, ғұрып-әдеттерге қатаң мойынсұнумен ерекшеленіп тұрады. Өзбекстанда жасайтын қазақ отбасыларының төмендегі әлеуметтік-психологиялық және этнопсихологиялық факторлары: танысу жері мен түрі, некеден өту жасы немесе мотивтері, отбасындағы қарым-қатынас пен рөлдер үлесінің отбасы-неке қарым-қатынастарының қалыптасуына өзара әсері, сондай-ақ отбасындағы келіспеушіліктер мен ажырасу мәселесі, келіндердің жаңа отбасына бейімделуінің әлеуметтік-психологиялық және этнопсихологиялық ерекшеліктері, ене-келін қарым-қатынастары зерттелгеніне қарамастан, түрлі жас буындарындағы отбасылық қарым-қатынастар туралы құндылықтарды этнопсихологиялық талдау, қазақ отбасыларындағы ұрпақаралық қарым-қатынастарды, қазақ отбасында неке тұрақтылығын қамтамасыз ететін факторларды, қазіргі заман жастарын отбасылық өмірге дайындаудың қазіргі жағдайы және проблемаларын зерттеу талап етіледі.

Өйткені, бұл мәселелер бойынша жүргізілген эмпирикалық зерттеулер нәтижесінде жасалған ұсыныстар мен нұсқаулар халықтың психологиялық сауаттылығын арттыруға, сонымен қатар жастарды отбасылық өмірге психологиялық дайындауда, отбасылық-неке тұрақтылығын қамтамасыз етуге қызмет етеді.

Әдебиеттер

1. Маматов М.М. Этнопсихология. – Ташкент: 1999. – 60 б.
2. Нарымбетов Т.Б. Социально-психологические особенности казахских семей проживающих в Узбекистане. Автореф.дисс. ...канд. психол. наук. – Ташкент: 2008. – 23 с.
3. Арапбаева Д.К. Келіндердің отбасына бейімделуінің этнопсихологиялық ерекшеліктері (қазақ отбасылары мысалында). Психология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін жазылған диссертация. – Ташкент: 2012. – 186 б.
4. Арапбаева Д.К., Арапбаева Д.К. Келіндердің отбасына бейімделуінің этнопсихологиялық ерекшеліктері (қазақ және өзбек отбасылары мысалында). Монография. – Ташкент, “Lesson Press” баспасы, 2020. – Б. 131

КАЗАХИ ТУРКМЕНИСТАНА: ИСТОРИЯ И ФОРМИРОВАНИЯ КАЗАХСКОЙ ДИАСПОРЫ

Еримбетова К.М.

*Ведущий научный сотрудник
Института истории государства МНВО РК,
кандидат исторических наук,
Казахстан, г. Астана*

Республика Казахстан рассматривает Туркменистан в качестве не только ближайшего соседа, а также как важного партнера в Центральной Азии. Подписан между с двумя странами «Договор о дружественных отношениях и сотрудничестве». Туркмены («Türkmenler») – тюркский народ древнеогузского происхождения. В V-VI вв. территория принадлежащей Сасанидам Туркмения была завоевана кочевыми эфталитами.

Казахская диаспора в Туркменистане на 90% состояла из казахов Мангистауского региона. В настоящее время 90% казахов – қандасов, вернувшихся на историческую родину из Туркменистана, прибыли в этот